

ӘОК 332.1. (574.4)

Жұмаханова Дария Әнуарқызы – ізденуші (Семей, СМУ)

ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАР АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ДАМУЫНДАҒЫ РОЛІ МЕН ОРНЫ

Ел Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің биылғы жылғы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанға табысты индустриялық державалар қатарынан орын алуға үлкен сенім білдірген. Ол үшін АӨК –ін барынша дамытуды үш бағытта жүргізуді ұсынады: еңбек өнімділігін арттыру, азық –түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экспорттық әлеуетті іске асыру [1].

Дегенмен қазақстандықтардың болашағы қорқатындай бұлыңғыр емес. БҰҰ өзінің 2009жылғы Баяндамасында біздің елімізде адам әлеуетінің жоғары екенін атап өтті. Бұл – біздің әл-ауқатымыздың өскендігін көрсетеді. Қазіргі кезде біздегі жұмыссыздық деңгейі 6,3 % -ды құрап отыр, яғни әлемдік дағдарысқа дейінгі деңгейінен де төмен. Осының бәрі еңбек нарығының ұтымды дамуының арқасында іске асатын мәселелер. Бұл бағытта ауыл шаруашылығының ролі мен алатын орны ерекше. Жұмыссыздық мәселесін шешу нарықтық қатынастар жағдайында халықты жұмыспен қамтуды тұрақтандырады, ол өз кезегінде ауыл халқының жұмыспен қамтылуын реттеудің қызметтік механизмінің қалыптасуын қарқынды үдетеді. Жұмыспен қамтылған халықтың салалық құрылымы үшін оның экономика секторлары арасындағы қайта реттелу тенденциясы тән болып келеді. 3,7 млн адам немесе барлық жұмыспен қамтылған халықтың жартысы соңғы жылдары халыққа түрлі қызмет көрсетуді жүзеге асырады және аграрлық секторда 2,3млн адам немесе 31,5% жұмыспен қамтылған халық тіркелді. Айтарлықтай өзгерістер жұмыспен қамтылу статусы жөнінен жұмыс істеп жүрген халықтың саны мен құрылымында көрініс тапты. Соңғы жылдары жалдамалы қызметшілер санының тұрақты өсу тенденциясы байқалған болатын және олардың саны 2008 жылы 5,6 млн адамды, яғни экономикада жұмыспен қамтылған халықтың жалпы санының 66% құрады. Жалдамалы жұмыс істейтіндердің жалпы санының негізгі бөлігі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда – 81,7%, жеке тұлғаларда олардың – 11,7%- ы ал, шаруа (ферма) қожалықтарында – 6,6%- ы қызмет істейді.

Ауылдағы жұмыспен қамту саясаты жеке меншіктің барлық түрлеріндегі ауыл шаруашылық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, ауылдық жерлерде еңбектің жеңілдетілген режимін қолдану есебінен олардың ауылдағы жұмыссыздықты шектеу бағыттарын мемлекетпен бірге іске асыру арқылы жұмыспен қамтылу және оны жоғарылату жөнінен белсенді жүргізіліп отыр. Ауылдық аумақтарда жаңа еңбек қатынастарының қалыптасуы және дамуы маңызды экономикалық категориямен, яғни еңбек ресурстарымен тікелей байланысты. Біз зерттеп отырған Шығыс Қазақстан облысы бойынша еңбек ресурстары оның ішінде шекаралық ауылдық жерлердегі жағдайлар, қаңағаттанарлық емес. 2005 - 2008 жыл аралығындағы көрсеткіштерді кесте түрінде байқап көрейік (1- кесте).

1-кесте.

Шығыс Қазақстан облысы аграрлық еңбек нарығының негізгі индикаторы

Көрсеткіштер атауы	2005 жыл		2008 жыл		2008 ж. 2005 ж., % есе	
	қала	ауыл (село)	қала	ауыл (село)	қала	ауыл (село)

Еңбек ресурстары, барлығы, мың адам оның ішінде:	91,9	290,6	375,9	339,9	284	49,3
ер адамдар	43,9	163,1	185,3	181,4	141,4	18,3
әйел адамдар	48,0	127,5	190,6	158,5	142,6	31

Жұмыссыздардың жалпы санының төмендегеніне қарамастан облыстағы жастардың (14-24 жастағы) үлесі айтарлықтай болып қалып отыр. 2006 жылы осы жастағы топтардың жұмыссыз болғаны 169 мың адам немесе жалпы жұмыссыздардың 27%-ы. Бұл 2002 жылға қарағанда 24 мың адамға (12%) а. Дегенмен бұл көрсеткіш республикадағы орташа көрсеткіштен 4,3 проценттік пунктке көп. Жұмыссыз жастар құрылымында әйелдердің үлесі өте жоғары. Егер жұмыссыз халықтың сапалық құрамы олардың білім деңгейіне тәуелді сараланады. 2007 жылы жоғары білімді адамдардың үлесі 18,6%-ды құрады, жалпы орташа білімді жұмыссыздар – 37,5% (234,4 мың адам) және орта мамандар арнайы білімді – 25,3% (158,2 мың адам).

Соңғы жылдары ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейінің төмендеуі байқалады және 2007 жылы оның деңгейі 4%-ға тұрақтады, 2002 жылға қарағанда 2%-ға, алдыңғы жылға қарағанда 0,3%-ға төмен. 2007 жылы бір жылдан ұзақ мерзімдегі жұмыссыздар саны 200 мың адам, 2002 жылға қарағанда 111,6 мың адамға немесе 36%-ға төмен, мұның ішінде әйелдердің аралық үлесі 67%-ды құрады. Бұл дегеніміз біздің Үкімет жүргізіп отырған ауылдағы жұмыспен қамту саясатының оң көріністері. Сонымен қатар ауылдағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейінің сақталуында олардың кәсіби дайындығының, еңбек күшінің сұранысы мен ұсынысы аграрлық еңбек нарығының талаптарына сай келмеуі үлкен роль ойнайды. Ауылшаруашылық кәсіпорындарының көпшілігінің экономикалық бағытталуы нәтижесінде қожалықтардың басым бөлігі маусымдық сипатты жұмысқа көшті. Осы себептен ауылдық мекендерде бос орындардың басым бөлігін уақытша жұмыс орындары құрайды, сондықтан ауыл тұрғындарының 70%-ы маусымдық жұмыссыздыққа тап болуда.

Еңбек нарығындағы жұмыс күшіне деген сұраныссыздық, ауылдағы жұмыссыздар санының өсуі көп жағымсыз құбылыстарды тудырады: еңбек дағдысының жоғалуына, белсенді іскерлікке мүмкіндігінің төмендеуіне тұлғаның құлдылауына әкеп соғады, ауылдағы демографиялық жағдайға әсер етеді. Елді мекендерден еңбеккер азаматтардың жаппай кетуі жүреді, оның ішінде кәсіби мамандар бар, ол ауыл шаруашылығы кадрларының сапалық құрамына жағымсыз әсер етеді. Ауыл тұрғындары арасындағы жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және одан туындайтын ауыр материалдық жағдай туу санының төмендеуіне, қалаға миграцияның өсуіне, хлақтың қартаюына әкеп соғады, ал ол жағымсыз нәтижелер әкеледі: асырауындағы жандардың және еңбекке жарамды адамдардың ара қатынасы өсіп кетеді, ауылдың экономикалық және әлеуметтік дамуына теріс әсер етеді. Ауылдағы жұмыссыздықты төмендету мақсатында ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымын (мектепке дейінгі мекемелерді, мектептерді қайта құру немесе жаңадан тұрғызу, ауыл тұрғындарына медициналық, тұрмыстық және т.б. қызмет көрсетудің деңгейін тиісті деңгейге көтеру, тұрғын үй мәселесін шешу), қосалқы шаруашылықты (сүт, құс етін өндіру және т. б.) дамыту орынды. Демек біз көрсетіп отырған еңбек нарығын дамыту мәселелері, жалпы жұмыссыздықты бәсеңдетумен қатар ауылшаруашылық құрылымдарының жұмыстарына, олардағы сапалы жұмыстарға, соларға қызмет ететін инфрақұрылымдардың жеткілікті сандарына да байланысты.

Ендігі кезекте, мақаламызға арқау болған Шығыс Қазақстан облысы шеткері аумақтарында орналасқан аудандардағы халықтың тыныс тіршілігін саралап көрсек.

Қатон- қарағай ауданы облыс аумағының солтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Аудан солтүстік және солтүстік-шығыста Ресей Федерациясының Алтай Республикасымен, оңтүстік-шығыста Қытай Халық Республикасымен шекараласады. Ол 54 елді мекеннен, 44226 тұрғыны бар 13 ауылдық округтан тұрады [2].

Соңғы жылдары ауданда экономиканы тұрақтандыру үрдісі байқалуда. Ауыл шаруашылығында агроөнеркәсіп бағдарламасы іске асырылуда, жалпы өнімнің көлемі өткен жылда 5,9 миллиард теңгеге жетті, 2007 жылмен салыстырғанда 7,2 пайызға артқан. Өнеркәсіп өнімдерінің көлемі 103,2 пайызға орындалды, аудан бюджетіне салық төлеушілер мен салықтардың болжауы да орындалды, ол 296 млн теңгені құрады. Қазіргі уақытта ауданда 2163 кіші және орта бизнес субъектілері жұмыс істеуде, былтырғы жылы 141-ден астам жаңа мекемелер ашылды, осыған орай жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік туды.

Елбасының ұсынған, жаңа жоспары жеті бағытта құрылған, соның ішінде:

- әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар тәжірибесінің бағадарламасын кеңейту;
- қалаларда, селоларда, кенттерде, ауылдарда, ауылдық округтерде басымдылық әлеуметтік жобаларды қаржыландыру;
- жұмысты жоғалтқан жағдайда барынша үлкен әлеуметтік төлеу;
- кадрларды кәсіби оқыту, қайта даярлау.

Ауданда дағдарысқа қарсы іс-шаралар әзірленген және бекітілген, соның ішінде негізгі орынды жұмыспен қамту алады. 2009 жылдың 01 қаңтарында тіркелген жұмыссыздар саны 165 адамды құрайды, алдыңғы жылмен салыстырғанда 37 адамға азайды. Жұмыссыздардың экономикалық белсенді тобы 0,8 пайызды құрайды. Халықты жұмыспен қамтуға бағытталған кешенді іс-шараларды жүзеге асыру жоспарына сәйкес, 2008 жылы 520 жаңа жұмыс орындарын ашу жоспарланған, нақты құрылғаны 1116 жұмыс орындары, соның ішінде 440-ғы тұрақты. Ағымдағы жылға 624 жұмыс орнын ашу жоспарланған. 2009 жылдың 01 наурызына 209 жаңа жұмыс орны құрылды, соның ішінде 48 орын тұрақты. Шаралар жоспарына сәйкес 2009 жылы 35 жұмыссыз азаматтарды кәсіби оқуға жіберу жоспарланған. Осы мақсатқа орай жергілікті бюджетке 1588,0 мың теңге ақшалай қаржы салынған. Қазіргі уақытты жұмыс берушілер мен ауылдық округтердің әкімдерінің өтінімдерімен келісіп, 8 жұмыссыз адам Большенарым аулында кәсіптік лицей базасында «дәнекерлеуші» мамандығында, және облыстық орталығындағы «Белиссима» кәсіптік мектепте есепші, шаштараз, аспаз мамандығында 11 адам оқиды. Ауыл шаруашылығына қажетті мамандарды кәсіптік мектеп базасында еңбек нарығының сұранысына байланысты жұмыс орындарын ашуға жұмыстар жүргізіліп жатыр. Дәнекерлеуші, «В», «С» категориялы жүргізуші, аспаз, арашы, электрондық операторлар мамандықтар бойынша курстар ұйымдастырылған. Осы курстарды бітірген соң, түк болмаса өзін-өзі жұмыспен қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

Әлеуметтік бағдарламалар іске асыруға бизнестің әлеуметтік жауапкершілікті жоғарылату мақсатында уақытша жұмыс орындарын ашу жұмыстары жүргізілуде. Ағымдағы жылда осы секілді 10 жұмыс орындарын ашу жоспарланған. Олар: ЖШС «Мадис» жетекшісі (Е. Ибраев), шаруа қожалықтар «Өрнек» (Т. Елшібеков), «Алтай-Н» (А. Аяғанов), «Азат» (М. Жақсыбаев) және т.б. Халықты әлеуметтік қолдауда ақылы қоғамдық жұмыстардың орны өте үлкен. Ағымдағы жылда ақылы қоғамдық жұмыстарды 6 айға ұзарту мақсатында құрал-жабдықтарға 13518,0 мың теңге қаржы қарастрылған. Кедейлік және жұмыссыздық деңгейін төмендету, тұрғындарды жұмысқа орналастыруда жетістіктер бар. Еңбек нарығының болжамына сәйкес 2008 жылы ақылы қоғамдық жұмысқа 234 жұмыссыз істеді, соның ішінде 124 аз қамтылғандар. Осыған орай олардың кірісі күнкөріс деңгейінен асып, МАӘК алушылар қатарынан түсті. 2008 жылы 222 жұмыссыз жұмысқа орналасты, жүгінгендердің санына 86,0 пайызды құрады. 2007

жылмен салыстырғанда жұмыспен қамту деңгейі 0,2 пайызға көбейді. Ағымдағы жылда жыл басынан бастап жүгінгендерден 47 адам жұмыспен қамтылды, 73,4 пайызды құрады.

Біз зерттеп отырған ауданда 2010 жылдың 1 қаңтарына тіркелген жұмыссыздар саны 150 адамды құрады. Өткен жылдың қорытындысы бойынша ауданда 1117 жаңа жұмыс орны құрылды, оның 325 тұрақты. Тіркелген жұмыссыздардың үлесі тұрғындардың экономикалық белсенді мөлшерінің 0,7 пайызын құрайды.

Облыстағы еңбек нарығын дамытуда жоғарыда іс - шаралармен қатар Президент ұсынып, ауыл өміріне дем беріп жатқан «Бизнестің жол картасының» да өз орны бар. Оның негізгі мақсаты өңірлерде кәсіпкерліктің, ең алдымен шағын және орта бизнестің жаңа тобын қалыптастыру және оны дамыту есебінен тұрақты жұмыс орнын ашу болып табылады. «Жол картасы» бағдарламасын іске асыру барысында ауданда 4 әлеуметтік жобаны орындауға 15 млн 183 мың теңге бөлінді, ол толық игерілді, 150 жаңа жұмыс орны ашылды. Әлеуметтік жобаларға қатысқан жұмысшылардың орташа жалақысы 19 мың теңге болды. «Жол картасы» бағдарламасы аясында екінші траншпен республикалық бюджеттен 16 млн 576 мың теңге бөлініп, игерілді. Осы қаражатқа Малонарым орта мектебіне күрделі жөндеу жасалды, жұмыссыздар қатарынан 13 адам жұмысқа тартылды, оларға айына 37 мың теңге мөлшерінде еңбекақы төленді.

Осы проблемалардың дұрыс шешімін табу үшін, жоғарыда айтып өткеніміздей, ауыл шаруашылығы бағыттындағы құрылымдарды дамытуымыз керек. (2-кесте).

2-кесте.

Шаруашылықтың санаттары бойынша субъектілер саны

Шаруашылық субъектілері	Субъектілер саны, барлығы	жер алаңы, га	жер алаңы құрылымы, % - бен	жер алаңы бар субъектілер саны	Соның ішінде егістіктері барлары
Кәсіпорындар соның ішінде:	474	1207310,4	19,3	437	331
мемлекеттік кәсіпорындар	16	25036,5	0,4	13	11
шаруашылық серіктестіктер	382	1063069,1	17,0	359	266
акционерлік қоғамдар	9	21142,6	0,3	8	4
өндірістік кооператив-тер өзге де құрылымдар	20	85502,9	1,4	17	16
47	47	12559,3	0,2	40	34
Шаруа (фермер) қожалықтары	16377	4888472,7	78,1	16158	7265
Үй шаруашылығы соның ішінде:	234041	154415,4	2,5	233666	198826
қалалық жердегі ауылдық жердегі	93715	13389,8	0,2	93385	84464
	140326	141024,6	2,3	140281	114362
Саяжай учаскелері Соның ішінде:	77598	5227,0	0,1	77598	55512
қалалық жердегі ауылдық жердегі	65378	4404,2	0,1	65378	48491
	12220	822,8	0,0	12220	7021

*ШҚО ауыл шаруашылығы Департаментінің мәліметтері

Әрине облыстағы еңбек нарығын дамытуда ауыл шаруашылығы бағытындағы құрылымдармен бірге саяжай учаскелері де маңызды роль ойнайды. Әсіресе, олар халықтың өзін –өзі жұмыспен қамту бағытында біраз мәселелерді шешеді.

Облыстың агроөнеркәсіп кешенін тұрақты дамытудың 2006 – 2010 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасына сәйкес қаржыландырудың барлық көздерінен 2009 жыл агроөнеркәсіп салаларының дамуына 13117,5 млн теңге қарастырылған, оның 10074,5 млн теңгесі республикалық бюджеттен 50 млн теңгесі облыстық бюджеттен және басқа қаржыландыру көздерінен.

АӨК 2009 жылы қаржыландырудың барлық көздері бойынша 13117,5 млн теңге жұмсалды, оның ішінде республикалық бюджеттен 10074,5 млн теңге, 50 млн теңге облыстық бюджеттен және басқа қаржыландыру көздерінен 2993 млн теңге жұмсалған.

Республикалық бюджеттен 4,49 млрд теңгенің нысаналы трансферттері бөлініп, игерілді.

2009 жылғы ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы өнімі 139,05 теңгені құрайды деп күтілуде, бұл өткен жылдың осы уақыттағы деңгейінен 26% артық, өнімнің нақты өсу индексі 136 пайызды құрайтын болады.

Облыстағы осы нәтижелі жетістіктер алдағы онжылдықта да ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігін арттыру есебінен жүргізіле береді. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігі қазіргі кезде бір жұмысшыға 3 мың доллар шамасында келіп отыр. Ал дамыған елдерде бұл көрсеткіш 50 – 70 мың долларды құрайды екен. [1]. Осыған байланысты жалпы экономика бойынша қарастыратын болсақ, біздегі бір қызметкер 17 мың доллардың өнімін өндіреді екен. Ал дамыған елдерде 90 мың доллардан да жоғары.

Демек, шекаралық аудандарда (жалпы біздің ауыл шаруашылығымызда) еңбек нарығын дамытатын бірден –бір фактор осындай еңбек өнімділігіне қол жеткізу. «Сондықтан – дейді Президент өз Жолдауында - 2014 жылға қарай агроөнеркәсіптік кешендегі өнімділікті кем дегенде екі есе арттыру керек». Ауылдың дамуының негізгі экономикалық көрсеткіштерін талдау экономикалық даму қарқыны мен адам дамуы деңгейі арасындағы тығыз өзара байланыс бар екенін есепті қортындыларда, тезисті статистикалық көрсеткіштерде дәлелдеп отыр.

Аграрлық қатынастар, нарықтың даму барысындағы жіберілген қателіктер, оны түзету жолдары, отандық тауар өндірушілерге мемлекет тарапынан көңіл бөлу, кәсіпорындардың еңбекті ұйымдастырудың тиімді формаларын іздестіру жолдары, ауыл шаруашылығында нарықтық қатынастар жағдайындағы шаруашылықты жүргізудің көптеген жаңа формаларын дамыту және т.б мәселелері қосымша тарихи зерттеулерді талап етеді.

Қазақстандағы аграрлық дағдарыс себептерін зерттеудің жүйелі тәсілі оның сонау қайта құру кезеңіне дейінгі уақыттан бастау алғанын көрсетеді. Әлі күнге дейін елімізде азық-түлік мәселесі шешілмегендігі шындық. Демек, ауылдағы аграрлық қатынастардың дамуы, ауылды жандандыру ауылдағы саяси-әлеуметтік, әрі экономикалық байланыстарды қалпына келтірудің біртұтас құрамдас бөлігі. Міне, осының бәрі де біздің зерттеуімізде арқау болды және ғылыми жұмысымызды тереңдете талдауға бағыт береді.

ӘДЕБИЕТ

1. Байменов А. Кедейлік, жұмыссыздық – бір қасірет // Ақиқат, 2001, №3, б.18-22.
2. Қазақстан Республикасының халықты әлеуметтік қорғау тұжырымдамасы // «Егемен Қазақстан» 13 сәуір, 2001, 3 б.
3. Қазақстан жеделдетілген экономикалық, әлеуметтік және саясаттану модернизациясы. Қазақстан республикасы президенті Н.Назарбаев жолдауы. Астана, 2005, 18 ақпан
4. *ШҚО әлеуметтік – экономикалық дамуы 2009 ж. қаңтар-шілде